


Биыл – Алаштың анасы болған Қызылорданың ел астанасы болғанына 100 жыл. Талай сырды ішіне бүккен Сыр топырағын ғасыр тарихынан сыр шертеді. Бұл – Алаш арыстарының ізі қалған қала. Ел болашағы үшін, ұлт келешегі үшін шешім қабылданған қала. Қазақ білімі мен ғылымы, өнерінің іргесі қаланған қасиетті топырақ.


ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН ҚҰЖАТТАР

Екі ғасырдан астам тарихы бар Ақмешіттің Қызылорда атауын иемденіп, астана болған жылдарына тоқталғанды жөн көрдік. Ең әуелі «көп қаланың ішінен неге Ақмешіт таңдалды?» деген сұраққа тоқталсақ. Белгілі ғалым Амантай Шәріптің «Қожанұлының Қызылордасы» атты мақаласында бұл туралы кеңінен айтылады. Ғалым мақаласында айтылғандай,



Үкімет пойызының Ақмешітке аттануы жайлы телеграмма. 13.04.1925 ж.

Сұлтанбек Қожанұлы ең әуелі Ташкент үшін тартысты. Мақаладан үзінді келтірсек: «Сталин «Орта Азияның Шыңғысханы» деп лақап таққан Сұлтанбек Қожанұлы әуелде Ташкент үшін тартысты. Көрнекті ғалым, жерлесіміз Әуелбек Қоңыратбаевтың естелігіне сүйенсек: «Бұл – 1924 жылғы еңші алыста Ташкент маңындағы 40 мың үйлі қазақтар Халық Комиссарлар Кеңесіне 2 мың атты адам жолдап, Ташкент қазақтарда қалсын деп тілек айтқан кез». Алайда ұзақ талас-тәжікеден соң, көкпарға түскен кент РК(б)П ОК-нің шешімімен 1924 жылдың қарашасында біржолата өзбек ағайынның қанжығасына байланды. Қазақ ішінде астана төңірегіндегі айтыс қайта өршіп, үміткер қалалар қатарында Ақтөбе, Ақмола, Ақмешіт, Әулиеата, Семей, Шымкент аталды. Тағы бір тарихи қызық факт мынау: РКП(б) Қазобкомы атқару бюросы 1924 жылғы 8 шілдеде және 14 қыркүйекте, ал тағы бір билік бұта-



Ақмешіт атауын «Қызылорда» деп өзгерту жайлы міндетті қаулы. 30.05.1925 ж.

ғы – ҚазОАК-і сол жылғы 29 қыркүйекте Қазақстанның орталығын Шымкент қаласына көшіру туралы қаулы шығарған еді. Бірақ бұл үш шешім де орындалмаған. Сол сәтте мәселенің тоқтатқыш тәрелігін, қисынды қорытпасын жаңадан жасақталған Қазақ өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі қызмет) Сұлтанбек Қожанұлы айтты», – деп жазады. «Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын» деген Сұлтанбек Қожанұлы не үшін Ақмешітті таңдады деген сұраққа ғалым мақаласында нақты деректер келтірілген.

«Мемлекет астананың жұртшылығына сүйеніп жұмыс істемесе, бас хукіметтің ісі оңбайды. Олай қылайын десе, Қазақстан хукіметінің аз ғана күш, азын-аулақ дәулеті Орынбор губерниясынан артымайды» (Ақ жол. 12.11.1924) деп тұжырымдаған қайраткерді қазақтың кіндік қаласының шаңғай шетте орналасуы қанағаттандырмағаны өз алдына, Орынборды ол Ресей империясы Шығысқа ашылатын қақпа ретінде іргесін қалаған «отар қоныс» деп сипаттады. Өз ұстанымын бүкілсіз билдіре отырып: «Қайда болса да Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын. Киіз үйге орнаса да қалың қазақтың ортасы болсын», – деп жазды (Ақ жол. 28.01.1925).

3-БЕТТЕ



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

29 сәуір
сейсенбі

№31 (2144)

2025 жыл

■ 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

КЕЛІСІМ МЕН ДОСТЫҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ

Бірлік – мәңгілік және бөлінбейтін, ынтымағы мен берекесі жарасқан еліміздегі ең биік ұғым. Ынтымақ пен татулықты, ортақ келісім мен ауызбіршілікті, жарасымдылық пен сыйластықты сақтау – еліміздің негізгі ұстанымы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзінде: «Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас кағидаттары. Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз», – деген болатын.

2-БЕТТЕ



■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖАҒАЛАУДАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Тәуелсіздікке –
25 жыл даңғылының
бойы жана өзгерістерге
не болды. Мұнда қазір
жол бойымен келе
жатсаңыз, қазақтың
хандары мен
батырлары, билері
мен шешендерінің
суреті
бейнеленген.
Ұлт тарихын
ұрпақ санасына
сіңірудегі
заманауи әдіс.




Мұхит Мырзалиев бауырлары, достарымен бірге осы суреттерді толық мойынға алған. Бұл күнде қазақ тарихын айшықтайтын суреттер жиынтығы да өз мәресіне жетіп қалды. Жігіттер қолына ыдыстағы бояуды алып, суретке жан бітіріп жүр.

– Мұндай жұмысты Қазақстан бойынша тек Алматы мен Қызылордада ғана жасадым. Мұндай суреттерді жиі

салып жүрсем де, бұл – көпжылдық тәжірибемдегі ерекше жұмыс екені рас. Батырлар мен жай адамдарды салғанда айырмашылығы, батырдың болмысы бөлек болуы керек. Қазір балалар кітап оқымайды, ал жол бойында салынған сурет өткен-кеткеннің кеудесіндегі ұлтжандылықты оятары сөзсіз, – дейді суретші.

4-БЕТТЕ

МЕШІТ – ХАЛЫҚТЫҢ АҚШАСЫНА, ШІРКЕУ БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫНА САЛЫНҒАН



Ресей әскері елге көптеп келе бастағаннан-ақ қазақ жерінің түкпір-түкпірінде шіркеу салына бастады. Мәселен, Қазалы, Қармақшы, Перовск форттарында ең алдымен шіркеу бой көтерді. Бір қызығы, мешіт ауқаттылардың демеушілігімен салынса, шіркеу құрылысы Ресей империясының бюджет қаржысына салынған.

4-БЕТТЕ



«Атамекенді» халық менімен бірге шырқады»

Тұтас Қазақстанның Астананың туған күніне жиналған мерекелік кеші болатын. Әдепкіде көңілде қобалжу болғанымен бастауыш сыныптан бері көрермен алдына шығып жүрген Никита үшін мұнда да ән шырқау аса қиынға соққан жоқ. Сахнаға шыққанда қалың көрермен мені қалай қабылдай екен, шалыс басып қалмаймын ба деп уайымдады. Әннің алғашқы қатары басталғанда-ақ оның бәрін көрерменнің жылы қабылдауы, өнерпазға деген ыстық ықыласы жөніп кетті. Ескендір Хасанғалиев орындайтын «Атамекен» әні басталған сәттен-ақ тұтас халық орнынан тұрып, бірге шырқады. Никита мұны күтпей еді, жүрегі дүрсілеп, беймәлім күйге түсті. Тіпті ғарыш әлемінде самғап жүргендей...

2-БЕТТЕ

Елена ПАК, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша төрағасы:

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ – РУХАНИ БАЙЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Қазақ тілін еркін меңгерген Елена Владимировна Пак мемлекеттік тілді насихаттауда елеулі еңбек етіп жүр. Ол – «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша төрағасы, «Абай қазынасына саяхат» және «Мәміле» клубтарының жетекшісі. Біз Еленамен қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі, қоғамдық қызметі және болашақ жоспары жайлы әңгімелестік.

2-БЕТТЕ



Жасұлан АЛДАБЕРГЕНОВ,
«ASLAN» балалар киностудиясының директоры:

КИНО АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШЫП КЕЛЕМІЗ

Қызылорданың мәдени өмірінде кейінгі жылдары ерекше серпіліс байқалады. Бұл – жастардың шынайы ықыласы мен шығармашылығының жемісі. Солардың бірі – Жасұлан Алдабергенов. Көп жыл бойы жастар саясатының бел ортасында жүріп, бүгінде жобалармен айналысып келеді. Соның бірегейі – «ASLAN» балалар киностудиясы. Бес жыл бұрын негізі қаланған бұл студия бүгінде жүздеген баланың арманына, шығармашылықтың ордасына айналып үлгерді. Осы мерейлі кезеге орай, студия жетекшісімен сұхбаттасып, өткенге шолу жасап, келешекке көз жүгірттік.

– «Аслан» киностудиясы қалай құрылды? Алғашқы қадамдар қандай болды?

– Иә, бұл жол оңай басталған жоқ. Негізі, мен фото және видео саласына 2018 жылы бет бұрдым. Әуелде той түсіріп бастадық. 2020 жылы пандемия кезінде той тоқтап, шығармашылық ізденіске бет бұруға тура келді. Сол кезде облыстық кәсіпкерлік басқармасы ұйымдастырған инновациялық жобаларға берілетін қайтарымсыз грант байқауына қатыстым. Арман көп, мүмкіндік аз кез. Бірақ, шүкір, 5 миллион теңге сұрап, 3 миллион теңге грант жеңіп алдық. Кәсіпкерлік басқармасының қолдауы мен үшін үлкен демеу. Сол қаражат арқылы алғашқы техникаларымызды алып, студия жұмысын нақты бастап кеттік. Балаларға арналған студия құру идеямыз сол кезде жүзеге аса бастады.

4-БЕТТЕ



КЕЛІСІМ МЕН ДОСТЫҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ

Еліміздегі тұрақтылықты нығайту үшін Ассамблея мүшелері табанды еңбек етіп келеді. Қоғамдағы татулықты сақтау, халықтың береке-бірлігін нығайту – алда тұрған айқын мақсаттардың бірі. Ал осы мақсатты жүзеге асыру барысында әр облыстағы ұлттық-мәдени орталықтар Достық үйі атты бір шаңырақ астына бірігіп, өнімді жұмыс атқарып келеді. Олар ұлтаралық келісім мен татулықты нығайтып, Қазақстан Халқы Ассамблеясының стратегиясын жүзеге асыруда.

– Мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру бағытында Достық үйінің алар орны ерекше. Бүгінде бұл ғимарат татулық пен бірліктің, достық пен жасампаздықтың ордасына айналып отыр. Достық үйі – әр елдің мәдениеті

Басы 1-бетте



мен дәстүрін жаңғыртып, елдегі саяси өміріне араласуына белсене қызмет атқаруда. Бүгінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамында 11 этномәдени бірлестік пен 9 қоғамдық құрылым белсенді түрде жұмыс жүргізуде. Этномәдени бірлестіктердің мәдени күндері мен атаулы мерекелері дәл осы орталықта кең көлемде аталып өтеді. Достық үйінде би залы, «Ассамблея жастары» ұйымы және тіл үйрету кабинеті тұрақты қызмет атқарып келеді. Сонымен қатар бұл ғимаратта аксақалдар мен аналар кеңесі, ассамблея жастары, журналистер клубы, ғылыми-сараптамалық топ, медиаторлар кеңесі, «Жомарт жан» орталығы және ақпараттық түсіндіру тобы жұмыс істейді. Бұл құрылымдар бүгінде этносаралық татулықты нығайтуға, өзара түсіністік пен тиімді диалог орнатуға зор үлес қосып



отыр, – дейді Қоғамдық келісім КММ директоры Бақытжан Камалов.

Көп ұлтты елімізде Достық үйлеріне жүктелген жауапкершілік жүгі ауыр, атқарар ауқымды жұмыс та жеткілікті. Бірліктің ордасына айналған ғимарат алдағы уақытта да бұл мақсатты абыроймен орындайтыны сөзсіз.

Себебі облыс орталығында жаңадан «Достық үйі» салынуда. Бұл бірлік пен ынтымақты нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктерге арналған барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады.

– Ассамблеяның мерейлі жылы аясында Қызылорда қаласында тағы бір жағымды жаңалық – жаңа «Достық үйінің» бой көтеруі. Бұл заманауи талаптарға сай салынатын, барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілетін бірегей нысан болмақ. «ҚазАтомӨнеркәсіп» ұлттық компаниясының демеушілігімен жүзеге асуда. Жаңа Достық үйі – еліміздегі татулық пен келісімді нығайтатын маңызды рухани орталықтардың бірі боларына сенім мол, – дейді Бақытжан Камалов.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

«Атамекенді» халық менімен бірге шырқады»

Өңгіме өнерді өзіне серік етіп, өзі әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының бас сарапшысы болып еңбек етіп жүрген Никита Мясцов жайында.

– Сенесіз бе, «Атамекен» әнін орындасам, қай жерде де халықтың ықыласы ерекше болады. Елдің жүрегінен орын тапқан ән ғой. Халық орнынан тұрып, менімен бірге ән шырқайды. Мен осы әнді айтқанда ерекше бақытты сезінемін. Тәңір сыйлаған талантты халыққа қызмет етуіме бұйырған ғой, сахнаға шықсам, ханның тағында отырғандаймын. Әрине, негізгі қызметім бар, бірақ ән шырқағаннан жаным рахаттанады, – дейді Никита Николайұлы.

Сырдария ауданының орталығы – Тереңөзек кентінде туып-өскен Никита туған жерге жиі барады. Облыс орталығында да, ауданда да ассамблея ұйымымен етене байланыста. Аудан, облыс деңгейіндегі «Абай оқулары» байқауының бірнеше дүркін жеңімпазы. Республикалық патриоттық әндер байқауында да талай рет топ жарған.

– Қай сайысқа қатыссам да бірінші орын, бас жүлдені қанжығаға байлап жүремін. Ең бірінші жеңісім әлі есімде. «Бозторғай» конкурсының облыстық кезеңінде Гран-При жүлдесіне қол жеткіздім. Одан кейін талай сайыста төрге оздым. Қай жерде де патриоттық әндер жанымға жақын. Өнге құштарлығым ананнан дарыса керек-ті. Анам – бастауыш сынып мұғалімі. Келіншегімді қосып қалып, үшеуіміз «Бірлігіміз жарасқан» әнін трио ретінде орындап жүрміз. «Ұяда не көрсек, ұшқанда соны ілерсін» деген бар ғой. Балаларың да қалманың ағашынан алыс түспейтіні» тәрізді, өнер әлемінен алыстамасы анық, – дейді Никита.

«Көңілім әнді ұғады» деп, Абайша әндеткен талантты жанның өмірінде

Басы 1-бетте

елеулі оқиғалар көп. Ақтауға еліміздің тұңғыш Президенті келген сәтінде «Көзімнің қарасы» әнін шырқаған. Ол кезде де елдің батасын алған Никита қайда өнер додасы болса, бәйгеде тұяғымен жер тарпыған тұлпардай дайын тұрады. Оның әнге деген

жалғызым» деп анық айта аламын. Бізді ешкім бөліп, жармайды, біз де ешкімнен бөлінбейміз. Ал өнерім – халқыма, – дейді талантты әнші.

Никита тек өнерімен ғана емес, қоғамдағы белсенділігімен де көзге түсіп жүр. Бірнеше жыл бұрын қазақ

сұхбат алуға деген сияқты. Бірақ біреуіне де «уақытым жоқ, кейін хабарласайық» деген емеспін. Мені халық көтерді, халықтың алдында, осы елдің алдында қарыздармын. Ал өнерім бағаланып жатса, менен бақытты жан жоқ, – дейді ол.



құштарлығы мен қазақ өнеріне деген құрметі әрбір әрекетінен көрініп тұрады. Барған жерден құр алақан қайтпайтыны да оның шынайы ниетінен болса керек.

– Мен де Геннадий Головкин сияқтымын. Ұлым – қазақ, руым – орыс. Бұл елде өсіп келе жатқан әулеттің төртінші ұрпағымыз. Мен тәуелсіз елім – Қазақстанды сүйемін. Елім үшін еңбек етемін. «Әр қазақ менің

тілін белсенді насихаттағаны үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің алғыс хатымен марапатталды. Аймақтағы қызметі үшін де марапат мінберіне шығып жүрген кездері аз емес. Оның барлығын Никита «Отанға қызмет – ерге міндет» деген мағыналы сөздің асында ұғынып жүр.

– Әрбір әрекетіңнен біреуге көмегің тиіп жатса, қуану керек. Мені жан-жақтан іздеп жатады. Концертке,

Никита тағы да сахна төріне шықты. Оны елдің танып алғаны соншалық, әр жерден «Атамекен» деп сұрап жатты. Оның дауысымен орындалған ән расумен құйқанды шымырлатып, кеуденді мақтаныш сезімі кернейді. Ғажап!

Өнерің өрге жүзсін, Никита!

Дәулет ҚЫРДАН

Елена ПАК, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша төрағасы:

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ – РУХАНИ БАЙЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ

– Елена ханым, өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз...

– Шиелі ауданының Ақмая ауылында дүниеге келдім. 2018 жылы осы ауылдағы №49 орта мектепті бітіріп, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түстім. Тарихи себептермен қазақ жеріне қоныс аударған Пак әулетінің ұрпағымын. Біздің әулетіміз Шиелі ауданының Ақмая ауылына орналасып, осында өсіп, өркен жайды. Аталарым Виталий Пак ауылда күрішші болып еңбек етсе, әжем Светлана Лян есепші болып қызмет атқарды. Әкем Владимир мен анам Татьяна да осы ауылда қоныстанып, бүгінде өз кәсіптерімен айналысуда.

– Қазақ тілін меңгеруіңіз қалай басталды?

– Қазақ тілін кішкентай кезімнен үйрендім. Көршілеріміздің бәрі қазақ болғандықтан, бір-біріміздің үйімізге барып араласып, еркін сөйлесе бастадық. Әуелде сөйлеуімде өзгешелік болғаны рас. Есімде, бірінші сыныпты аяқтаған соң әліппемен қоштасу кешін жүргіздім. Жоғары сыныпқа өткенде қазақ тілін тереңірек меңгергенім байқалды. Сыныптастарым маған әрдайым достық пейіл танытты. Білімге және қазақ тіліне деген қызығушылығым мені ұлттың бай тарихына жетеледі. Қазақ тілі маған бала күнінен жақын болып кетті. Қазір де тіл білімінің қыр-сырына қанығып, болашақта қазақ тілін жас ұрпаққа үйретсем деген ниетім бар. Осы мақсатта Достық үйінде Қызылорда облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы «Абай қазынасына саяхат» және «Мәміле» клубына жетекшілік етіп, түрлі этностарға қазақ тілін үйрету курстарын жүргізуді жоспарлап отырмын.

– Мемлекеттік тілді меңгеруде қандай жетістіктерге жеттіңіз?

– Қазақ тілін меңгеруіме ең алдымен мектептегі ұстаздарым көп ықпал етті. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» деген сөз бар ғой. Болашағыма жол сілтеген ұстаздарыма алғысым шексіз. Ал жетістікке жету құпиясы – еңбекте, білімге деген құштарлықта. Мен қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларын, көркем әдебиетті ерекше жақсы көремін. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын, Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасын қызыға оқыдым, тіпті жатқа білемін. Сондай-ақ Абайдың 200-ге жуық өлеңін, Мұқағали Мақатаев пен Тұманбай Молдағалиевтің де туындыларын сүйіп оқимын.

– «Ассамблея жастары» ұйымының қызметі туралы айтып өтсеңіз.

– 2021 жылы 21 қазанда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Ассамблея жастары» республикалық

қоғамдық бірлестігі құрылды. Бұл ұйымның басты мақсат-міндеті – жастар бастамаларын дамыту, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту, жастардың әлеуметтік деңгейін арттыру. Үш жыл мерзімде бұл ұйым облыстық деңгейде 80-ге жуық іс-шара, 5 ірі жобаны жүзеге асырды. Ұйым «Social assembly», «Бірлік тілі», «Ел мұрасы», «Таза орта», «Қасиетті парыз», «Жастар медиа» атты 6 бағытта өз жұмысын жандандырып, рөлін күшейтті. Сыр өңірінде этнос жастары арасында мәдениетті байыту, патриоттық бағытта іс-шаралар мен жобаларды іске асырып келеміз.

– Жастар республикалық форумына қатысыпсыз. Ол қандай әсер қалдырды?

– Биыл 7–8 сәуір күндері Қызылорда облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын мереке-леу аясында еліміздің барлық өңірінен келген 100-ден астам жасты біріктіретін республикалық форум өтті. Форумның негізгі мақсаты – жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру, техникалық білім беруді дамыту, қазіргі заманғы білім беру жүйесіне жаңашылдық енгізу. Форум аясында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында тал егу акциясы өтті. Бұл жастар тарапынан табиғатты қорғауға бағытталған маңызды қадам болды. Форум жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, елдің болашақ дамуына үлкен әсер етеді деп сенеміз.

– Тіл үйренгісі келетін жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Біз бүгінде егемен елімізде бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Бұрын да әртүрлі ұлт өкілдері өзара түсіністікпен, бірлікте өмір сүрген. Сондықтан өзі тұрған елдің тілін білу – әр азаматтың парызы. Бұл – адамдар арасындағы байланыстың басты кепілі. Сонымен бірге жергілікті халықтың да үлгісі, жауапкершілігі арта түсуі керек. Қазақ тілін үйренемін деген жастарға қазақтың бас ақыны, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерін оқуға кеңес беремін. Абай шығармалары – ұлттық тәрбиенің, рухани дамудың негізі. Жастарды адамгершілік қасиеттер негізінде тәрбиелеудің маңыздылығы да осы тұста арта түседі.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Қазақ тілін насихаттау бағытындағы қадамдарымды одан әрі дамытып, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізу жолында еңбек етемін. Этнос жастары арасында мәдениетті байытуға, патриоттық жобаларды іске асыруға атсалысуды жалғастыра беремін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай өтетін іс-шаралар БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Іс-шара атауы мен өтетін орны, қатысушылар саны	Өтетін уақыты	Өтетін орны
1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні			
1	«Сыр елі – татулық пен келісімнің мекені» атты мәдени-көпшілік іс-шара	1 мамыр сағат 09:00	Достық үйі алдында
2	«Ел бірлігі – ең асыл қасиет» атты мерекелік концерттік бағдарлама	1 мамыр сағат 10:00	Қызылжарма мәдениет үйі
3	«Бірлік пен татулықтың мекені!» атты концерттік бағдарлама	1 мамыр сағат 10:00	Абай мәдениет үйі
4	«Татулық, Бірлік, Ынтымақ!» атты концерттік бағдарлама	1 мамыр сағат 11:00	Ақжарма мәдениет үйі
5	«Татулығы жарасқан, тағдыры бір халықымыз» мерекелік концерті	1 мамыр сағат 10:00	Қарауылтөбе ауылдық клубы
6	«Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» атты мерекелік концерт	1 мамыр сағат 10:00	С.Майқанова атындағы мәдениет үйі
7	«Достығымыз жарасқан» атты мерекелік концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 11:00	Ақсуат мәдениет үйі
8	«Бейбітшілік – ел тілегі» атты концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 11:00	Белкөл кентінің клубы

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – МІНДЕТ

Егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде мемлекет ұстанған берік саясаттың арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды.

Қазіргі таңда заман талабына сай бұл жүйені жетілдіру мақсатында мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қол жетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске

асыру нысандарының бірі. Сәйкесінше мемлекеттік қызметтер көрсету саласының сапасын арттыру – елді мекен тұрғындарының өмір сүру деңгейінің көтерілуіне септігін тигізері сөзсіз.

Қызылорда қаласының «Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 1-тоқсанында 129 қызмет көрсетілді. Мекемеде төмендегідей 5 мемлекеттік қызмет түрі жүзеге асырылады:

- Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
 - Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;
 - Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
 - Елді мекендер шегінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру;
 - Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату.
- Осы көрсетілетін қызметтердің түрін алу үшін стандартқа сәйкес құжаттар қажет

етіледі. Қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттық стенд орналастырылған және онда көрсетілетін қызмет түрлері мен қызмет көрсету мерзімі туралы мәліметтер толық көрсетілген. Сондай-ақ мекемеде «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» жабықталып, онда «E.gov.kz» электрондық үкімет веб-порталына кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Мекемеде қызметтер көрсетуге жауапты маман бекітілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөніндегі бірінші байланыс орталығы телефон нөмірі – «1414».

Жоғарыда аталған қызметтерді алу үшін Тасбөгет кенті әкімінің аппаратына өтініш білдіруге болады. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, 3.Шүкіров көшесі №11. Сенім телефоны: 21-58-49.

Ерлігі — ел есінде

Өмірде еңбегімен де, ақыл-парасатымен де елдің құрметіне бөленетін шуақты жандар болады. Басына қандай қиын-қыстау күн түссе де өзінің ержүректілігімен, батырлығымен Отанын қорғау жолында аянбай, кеудесін орқа тосқан ерлігі мәңгілік есте қалған ардақты азаматтың бірі – Өшім Бәйімбетов.

Ол 1918 жылы Тереңөзек ауданында (қазіргі Сырдария) шаруа отбасында дүниеге келген. Ауыл мектебінен білім алған алғыр, қандай тірлікке де епті, ұлтжанды азамат еңбек жолын 1936 жылы «Ақарық» ұжымшарында бастады. 1939 жылы Қармақшы аудандық Әскери комиссариатынан әскер қатарына алынады. Әскери дайындығын Ярославль облысының Бурмакино қаласындағы №46 ерекше атқыштар батальонында атқыш болып бастайды. 1942 жылдан бастап Балтық флотының №314 теңіз-жау әскері полкінде соғысқа қатысады. 1942-1944 жылдар аралығында ауыр шайқастарға қатысқан. Кескілескен соғыстарда батылдық көрсеткен жауынгер 1946 жылға дейін Солтүстік

толтырады емес пе?! Ал ерлі-зайыпты Бәйімбетовтер әдетте бозала таңмен таласа тұрады. Осы дағды қос құрылысшының бойына отыз жыл ұдайы қалыптасқан. Бүгін де олар азанғы дәмді ертерек ішіп, жұмысқа беттеді. Сыртта сарышұнақ аяз, қытымыр жел. Қыраулы көшеде екеуінен өзге қыбыр еткен жан көрінбейді. Таңғы ызғар тіршілік атаулыны тыныштық көрпесіне қымтап тастағандай. Сондай-ақ өмірдің өз ортасынан ойып алып жазатын саңлақ суреткер Сәбит Мұқановтің «Сырдария» романы оқырман қауымның есінде болса керек-ті. «Сонда қырық мың кетпеннің бір ырықпен көтеріліп, алтын қанат құстай күн көзінде жарқырайтын сәті әсем суреттеледі ғой. Сол қырық мың кетпеннің бірі Өшім де, екіншісі Дариха еді. «Содан бері бұл екеуі жүп жазбай құрылыс майданының алдының шебілде еңбек етті. Асылы істің жемісті болмағы шеберлікке де байланысты ғой. Шеберлік өлшемі – разряд. Бұл жөнінен де ерлі-зайыптылар биік деңгейден көрінді. Ұзақ жыл қажырлы еңбек етіп, қасқайып сұм соғыстан тайсалмаған Өшім Бәйімбетов «Қазақ КСР-ның еңбегі сіңген құрылысшысы құрметті атағының, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, «Ұлы Отан соғысы» орденімен және көптеген медальдардың иегері. Ал Дариха болса коммунистік еңбектің екпіндісі, бірнеше медальдармен, Құрмет грамотасымен нағардталған. Сол баяғы сіреу қыр басқан бас көшенің бойымен қос құрылысшы сықыр-сықыр басып қайтып келеді,» – деп баяндалады өчерте.



Ұлы Отан соғысындағы жанқиярлық ерлігі үшін «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен және «1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғысты Германияны жеңгені үшін» медальдарымен нағардталған. Сонымен қатар Жеңістің 20,30,40 жылдығының және КСРО Қарулы Күштерінің 50,60,70 жылдығына арналған жауынгерлік-мерекелік медальдармен нағардталған. Еңбектегі ерлігі үшін КСРО Жоғары Кеңесі президиумының 1971 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығымен «Еңбек қызыл ту» орденімен (№543178) марапатталса, сол жылы республика үкіметінің қаулысымен «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын алған. Ол сонымен қатар «Еңбек ардагері» медалімен де марапатталған (№26 ақпан 1982 жыл).

Өшім Бәйімбетов елге сыйлы, жастардың ақылшысы, қарапайым, елзекс, еңбеккор, үлгілі болды. Майдангер Өшім Бәйімбетов 1993 жылы 11 ақпанда 75 жасында дүние салды.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөз бар. Сол әдемі теңеу Өшім атамызға арналып айтылғандай. Себебі қанқұйлы соғыстан аман оралған жеңіс сарбазы еңбек майданының да даңқты еңбеккері. Ардақты азаматтың есімі қанша уақыт өтсе де ұмытылмайды.

Айнаш БӘЙІМБЕТОВА



Екінші дүниежүзілік соғыс басталған сәттен-ақ мыңдаған қазақ азаматы әскер қатарына шақырылды. Олардың арасында студент те, мұғалім де, шопан да, ақын да, жұмысшы да болды. Әсіресе, ауылдан шыққан бозбалалар бір күнде елден аттанып, майдан даласына кетті. Солардың көбі қайта оралған жоқ, қанқұйлы майданда соңғы демі таусылып, туған жерінің бір уыс топырағы да бұйырмай, жат жұртта мәңгілікке қалып қойған шейіттер қаншама?! Сондай-ақ бір үйден бірнеше ұл соғысқа кетіп, бірде-біреуі қайтпай қалған отбасылар да көп болды. Осындай жандардың қатарында Смағұловтар әулетінің қос қаһарманы, Ысқақ пен Жүніс те бар еді.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС БАТЫРЫ

...Ысқақ майдан даласына аттанғанда оның артында жұбайы мен кішкентай екі қызы ғана қалған еді. Бүгінде мен – сол екі қыздың бірінен тараған әулеттің перзентімін. Анам «Жақсы әке – балаға қырық жыл азық» деп әкесінің ерлігін мақтан етті. Кішкентайымыздан нағашы атамыздың ел қорғаудағы ерлігі бізге рух сыйлады. Аталарымыздың батылдығы мен батырлығы біздің кеудемізде «Менің атам – батыр» деген мақтаныш сезімін қалыптастырды.



Өткен күн – тарих. Ата-баба ерлігін ұмытпай, санала жаңғырту – ұрпақ парызы. Ел қорғау ісінде қарша бораған орқа кеудесін тосқан батыры көп батыл елдің перзенті Ысқақ Смағұлов 1911 жылы, інісі Жүніс 1921 жылы Қызылорда қаласындағы Смағұл мен Фатиманың отбасында дүниеге келген. Сурапыл соғысқа дейін қамсыз, уайымсыз балалық шағын осы туған жерінде өткізген.

Ысқақ №6 темір жол мектебінде оқып, өзінің еңбек жолын паровоз машинисінің көмекшісі болып бастайды. Кейіннен оқуын 1929 жылы Ашхабадтағы темір жол институтында жалғастырып, оны бітірген соң әскер қатарына шақырылған. Әскерден аға лейтенант шенімен елге оралған ол 1931 жылы партия мүшелігіне қабылданып, 1937 жылы партия мектебін бітіреді. Мұнан соң ол темір жол бөлімшесінде саяси бөлімнің нұсқаушысы, партия кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарады. Белсенділігі мен адал еңбекқорлығының арқасында 1938 жылдан ПЧ-7 бойынша орынбасары, бөлімшенің сектор басшысы болады. Қоғам-

дық жұмыстарға да белсене араласып, коммунистік партия ОБКОМ пленумының мүшелігінде кандидат, темір жол партия ұйымдастырушысы (парторг) болады. Саяси сауатты, белсенді, ісіне адал Ысқақ Қызылорда қаласындағы Әскери комитеттен соғыс алаңына, қайнаған еңбек майданынан 1942 жылы отбасын, екі қызы Күләш пен Күләнді және аяулы жары Ұлбосынды қалдырып, інісі Жүніс екеуі Отан алдындағы борышын өтеу үшін аттанып кете барды.

Аға лейтенант Ысқақ Смағұлов 93-атқыштар дивизиясының 266-атқыштар полкінің құрамында жауға қарсы күрескен. Соғыс жылдарында рота командирінің саяси бөлім бойынша орынбасары болып, майданда ерлікпен шайқасып, 1943 жылдың 12 ақпанында Смоленск қаласында қаза тапты. Ысқақ Смағұлов – өз борышын абыроймен атқарған, Отан үшін жанын қиған арда азамат. Оның өмір жолы, жауынгерлік ерлігі кейінгі ұрпаққа өнеге болмақ.

Ысқақтың інісі Жүніс Смағұлов та елге қорған болар ержүрек сарбаздардың бірі болды. Бар болғаны 20 жастағы, үйленіп, отбасын да құрмаған бір үйдің ерке баласы, бір күнде есейіп, ел алдында абыройын атқаруға аттанды да, ауыр бомбалаушы әскери ұшақтың ұшықышы ретінде соғысқа қатысып, 44-гвардиялық «Дон» бомбалаушы авиа-дивизиясының құрамында жау тылына соққы берген. Жүністің әскери шеберлігі, қайсарлығы мен ерлігі оны полк ішіндегі үздік ұшқыштардың қатарына шығарды. 1944 жылдың мамыр айында Жүніс Смағұлов №5/н совет олағы жоғарғы Кеңесінің жарлығымен «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Бұл марапат оның әскери ерлігі мен батылдығының жарқын дәлелі болды. Сонымен қатар 1945 жылы Жүністің жауынгерлік ерлігі үшін бас қолбасшы Сталиннің бұйрығымен оған арнайы алғыс жарияланды.

Алайда тағдыр оған жеңіс күнін көруді жазбапты. Жеңіске небәрі 14 күн қалғанда, 1945 жылдың 22 сәуірінде Берлин түбінде, майдан шебінде Жүніс Смағұлов басқарған ұшақ жау оғынан отқа оранып, ерлікпен қаза тапты.

Майданға кеткен жауынгердің артында көз жасына шылған хатты күтіп отырған аналары, жұбайлары мен қарындасыры қалды, біздің де Фатима әжеміз күнде ауыл шетінен көз алмай, әрбір қараңғы түннен үміт іздеді. Ал сол сияқты қаншаға ана баласының соңғы хатын жастынып, соның ісін сағынып өмірден өтті. Көзді

жәудіреп, әкелік махабатқа толық бөлене алмай қалған Күләш, Күлән аналарымыздай балалар қаншама.

Бауыржан Момышұлы өз естеліктерінде «Мен соғыстың отты жылдарында талай батырды көрдім. Бірақ оларды дүниеге әкелген аналардың алдында біріміз бас иеміз. Ана – өмірдің өзі. Ананың төккен көз жасы – елдің көз жасы» деген екен.



Бұл – соғыс әкелген ең ауыр қайғының бірі. Ал қазір де аталарымыздың батырлығын, өшпес ерлігін дәлелдеп, артында қалған ұрпақтарына еске түсіріп жатылатын да, тәуекел еткізіп жұбататын да «Боздақтар» атты үлкен қызыл кітап болды. Талай ананың жүрегін тілгілеп, талай жарлы қан жылатқан, талай баланы ботадай боздақтан «БОЗДАҚТАР» еді ол...

Өлгендер қайтып келмейді, бірақ олардың рухы ұрпақпен бірге жасайды. Қыран құстың қос қанатындай биікке, еркіндікке ұмтылған қос батырдың ұрпақтары бүгінде батырлар рухына арнап, 9 мамыр Жеңіс күні ата-баба аруағына тағзым етіп, облысымыздың орталығынан берілген «Ағайынды Смағұловтар» көшесінде құран бағыштап, ағайындыларды еске алуды үрдіске айналдырған. Себебі олар аманат еткен бейбіт күннің бағасын біз сезінудеміз. Бүгінгі бейбіт аспан, еркін ел, тату қоғам – солардың арманы, әрі аманаты. Біз бұл аманатты бағалауымыз керек.

Асқар ӘНУАРУЛЫ,

Абай атындағы

№138 орта мектебінің директоры

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН ҚҰЖАТТАР

Сұлтанбек Қожанұлы бастапқыда: «Ауыл-жақтықты қоздырып, әркім өзіне тартып өшігіп, ақырында қиысып келісе алмағандықтан, жүк ескі орында қалып жүрмесін. Ортаға қойылған мәселе Қазақстанның жалпы астанасы екені ұмытылмасын», – деп алдаңдаушылық білдірсе (Ақ жол. 23.12.1924), кейінірек «Қазақстан кіндігі қай қала болсын?» атты мақаласында: «Аты аталып жүрген Ақмешіт қаласы түстігі – Қарақалпақ облысы мен Сырдария губерниясы, құнығысы – Жетісу, теріс түстігі – Ақмола мен Торғай, құнбатысы – Ақтөбе мен Орал болып, үлкен жолдың үстінде тұрған ыңғайлы қала. Қазақ ұлт мемлекетін жасау ісін аяқтағанша, Ақмешіт үлкен қала болып кететіні анық», – деді (Ақ жол. 28.01.1925).

1925 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру жөнінде қаулы қабылдады. Сұлтанбек Қожанұлы «Лениншіл жас» газетінің сол жылғы 1-2 санында «Ақмешітті неге орталық қылып сайладық?» деген сауалға жан-жақты жауап қайтарды. Қаланың орналасқан жерінің экономикалық байланысқа қолайлы екенін, табиғи байлық көздеріне таяу тұрғанын, Сырдария өзенінің егіншілікті өркендетуге мол мүмкіншілік беретінін, ең бастысы – шаһар халқының тоқсан пайызын қазақтар құрайтынын тілге тиек етіп, көші-кон жұмыстарын кешуілеттеуге шақырды. Ол БК(б)П Қазөлқокомының орталықты Орынбордан Ақмешітке көшіру бойынша іс-шараларды әзірлеу жөніндегі комиссиясын басқарып, мәжілістеріне төрағалық етті және хаттамаларына қол қойып отырды.

Осылайша, сайын сахарда ат жалы, түйе қомында күн кешіп үйренген қазақ қоныс жана-лаудың бұрын болмаған таңсық түрі – астана көшіне қамданды», – деп жазды.

Қызылорданың ел астанасы болған жылдары туралы тарихи деректерге сүйену үшін тасқа басылғандай құжаттарды жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін архивтегі деректерге жүгінетіміз белгілі. Облыс орталығындағы әулім ғимараттың табалдырығын аттасаң, баға жетпес құндылыққа жолыққандай күй кешесің. Бір ғасыр бұрынғы тарих парағын ақтару үшін облыстық

мемлекеттік архивке бас сұқтық. Мекеме басшысының орынбасары Жанат Алтынбаева 2003 жылы Орынбор мемлекеттік архивінен Сыр өңіріне қатысты құжаттарды түгендеп келген болатын.

– 2023 жылы 31 тамыз – 11 қыркүйек аралығында Орынбор біріккен мемлекеттік архивіне бардық. Мұндағы мақсатымыз – Сыр өңіріне қатысты құжаттарды зерделеп, иелікке алу еді. Осы уақыт ішінде Сыр өңіріне қатысты 2000-нан аса құжат көшірмесін алып келдік. Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңға сәйкес құжаттар айналымға бір жылдан кейін түсуі тиіс. Орынбор архивінен әкелінген құжаттар өткен жылдан бері айналымға түсті. Сол әкелген құжаттар бойынша мақалалар жазып, көрмелер ұйымдастырып жатырмыз. Биылғы ақпан айында архив қызметкерлері Ташкент орталық мемлекеттік архивіне барып жұмыс істеп, 700-ден астам құжат көшірмесін алып келді. Ол құжаттар бір жылдан кейін айналымға түседі, – дейді Жанат Олжабайқызы.


Облыстық архивте де Ақмешіттің астана болғаны кездерігі құжаттар сақталған. Оның ішінде V Қырғыздар съезіне қатысты құжаттар бар. Атап айтқанда, Үкімет пойызының келуі, оны күтіп алу, 14-19 сәуір аралығында съездің

өтуі, онда қаралған екі мәселе туралы құжаттар сақталған. Ел астанасы болатын Ақмешіт қаласын зерттеуге Досов пен Ескараевты жіберу туралы жеделхаттардың көшірмесі сақталған.

– Орынбордан әкелген құжаттар көшірмесінің ішінде 1924 жылы Қырғыз атқару комитетінің бюро отырысында хаттамасы бар. Онда Ақмешітті астана ету туралы қаулы қабылданған. Орталықты ауыстыру туралы мәселе 1925 жылы 9 ақпанда өткен Қырғыз орталық атқару комитеті президиумының кеңейтілген мәжілісінің күн тәртібінде қаралып, Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы қаулы қабылданған. Мәжіліске Байсалықов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, М.Орумбаев және тағы басқалар қатысты. Қаулы қабылданғаннан кейін орталықты көшіру жұмысы қауырт басталады. Астананы Ақмешіт қаласына көшіруге байланысты Ескараев, Досов жолдастарды 4 күнге жолсапарға жіберу, аталған мерзімде тексеру жұмыстарын аяқтауға міндеттеген қаулы қабылданды. Ал 9 күннен соң, 18 ақпанда астананы Ақмешітке көшіру жайлы Қазақстан өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі С.Қожановтың жеделхатын тиісті орындарға жіберіп, іс-нәтижесін секретариат мәжілісінде баяндау үгіт-



«Еңбекші қазақ» газеті редакциясының қызметкерлері А.Сегізбаев, К.Ғабдуллин, Н.Жолдыбаева, С.Сейфуллин, Т.Арыстанбеков, С.Мұқанов. 1925 ж.



Астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру жұмыстары жайлы мәжіліс хаттамасы. 16.02.1925 ж.

насихат бөліміне міндеттелді. 17-28 наурызда мемлекеттік орталық мекемелерді (барлығы 58 мекеме) көшіру жоспары мен кестесі жасалынды. Халық Комиссарлар Кеңесінің астанасы Ақмешіт қаласына көшіру мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеу, лайықты жадықтау жөнінде арнайы комиссия құрылды. Комиссияның 1925 жылдың 10 наурызындағы бұйрығында комиссия төрағасы Кенжин Ақмешіт қаласына астананы көшіріп әкелуге байланысты атқарылған дайындық жұмыстарының қорытындысын орталыққа баяндау үшін Орынбор қаласына жүріп бара жатқандығына байланысты орнына комиссия мүшесі М.Тынышпаевты қалдыратынын, оған басталған жұмысты әрі жалғастыру, ғимараттарды жөндеу мен дайындауға байланысты қаржыларды жұмсау құқы берілгенін атап көрсетіп, барлық партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдары басшыларын, оның жарлықтарын орындауға оң ықпал етуге міндеттейтіні баяндалады, – дейді архив құжаттарын мұқият зерделеген Жанат Олжабайқызы.

Сондай-ақ архив құжаттарында Қызылорданы астана мәртебесіне сай көріктендіру, құрылыс-жөндеу жұмыстарының қарқын алуы туралы деректер сақталған. Сәулетші И.В.Рянгин қаланың бас жоспарын алдағы 40 жылы даму динамикасын ескере отырып, кең көлемді, жүйелі жасауды қолға алған екен.

Қызылорда астана болған жылдары газет редакциялары да, баспахана да жұмыс істеп, барлық газет-журналдар қосында басылғаны белгілі. Сонымен қатар қазақ зиялыларының, ақын-жазушылардың көп кітабы Сыр топырағында жарыққа шыққаны белгілі.

Сыр өңірі – қазақтың ғылым-білімінің негізі қаланған жер. Мұны архив құжаттары да айғайтай түседі.

– Қызылорда қаласының кеменгер тұлғалары ғылыми-ағартушылық жұмыспен айналысты. 1925 жылы Қазақ Халық ағарту институты Қызылорда қаласына көшірілген. С.Сейфуллин институтта сабақ беріп, кейін ректор лауазымын атқарған. Сондай-ақ тәжірибелік педагогтар, республикада ағарту жұмысын ұйымдастырушы қайраткерлер – С.Мендешов, Т.Жүргенов, К.Жұбанов, М.Жолдыбаев, С.Мұқанов, С.Шоанов сынды ірі тұлғалар институтта дәріс берген. 1927 жылы 10 қыркүйекте Қазақ халық ағарту институты кеңесінің мәжілісі өткізіліп, кіші және жоғарғы топтардағы қазақ тілі пәні бойынша А.Байтұрсынова, орыс тілі пәні бойынша С.Мұқанова, өлкетану пәні бойынша Т.Шоановқа, педагогика пәні бойынша К.Жұбановқа, 1,2,3 топтардағы қазақ әдебиеті пәні бойынша Т.Жүргеновке сағаттар бөлгенін архив құжаттары айғайтайды, – дейді Жанат Алтынбаева.

Тағы бір айта кетерлігі, 1926 жылы Қызылордада қалымалды өзгерту туралы әйелдер кеңесі өткен. Бұл кеңесте неңдей мәселелер талқыланып белгісіз болғанмен, атының өзі оқырманды қызықтыра түсетіні анық. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда қаласының ел астанасы болған кезеңдері жайлы айтылар, жазылар тарих әлі де уақыт еншісінде. Қазақтың қайта қазақ болғаны, өнері, ғылымы мен білімі негізін қалаған астана болған Қызылорда туралы тарихтың бұл бір парасы ғана.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ЖИЫРМАСЫНШЫ
ҚАРА СӨЗ

Тағдырдың жарлығын білесіздер – өзгерілмейді. Пәндеде бір іс бар жалығу деген. Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі жора тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қиын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де, ақырында тағы келіп жөнелді.

Ақылы түгел, ойлы адамның бір баласы байқаса, осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мактаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңілі аз ба, көп пе, жалығады. Аның үшін бәрінің ғайыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрыңғыдан да суи бастайды.

Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақұлыққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жок. Енді көңілі қайдан бірқалыпты тұра алады?

Бірақ осы жалығу деген әр неі көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын – бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Хаттаки ғұмырдың баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолалығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет екен деп ойлаймын.

Облыстық оқу орталығының ұйымдастыруымен Нәлікожа Ерғешбаев атындағы №172 орта мектепте «Оқушылардың кітап оқу мәдениетін бастауыш сыныпта қалыптастырудың әдіс-тәсілдері» атты облыстық семинар өтті.

ШЕКАРАСЫЗ КІТАПХАНА

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған іс-шара «Ұлылардың ұлысы – Абай» қойылымымен ашылды. Мұнда қатысушылар балалардың тек кітапқа ғана емес, өнерге де бір табан жақын екенін байқады. «Рухани байлықжасы – кітапхана: көне кітаптар сөйлейді» атты кітап жәрменкесі де талайдың санасына сәуле шашар тағылымды дүниелерді төрге шығарды. Жас ұландар «Айтөлек» әнін шырқап, мерекелік кештің сәнін кіргізе түсті.

Қатысушылар «Әдебиетпен әрленген сабақ: қазіргі ғарыштық зерттеулер», «Табиғат пен әдебиет: Үйлесім мен үндестік», «Бала жүрегіне көркем әдебиет арқылы жол табу: есептерді шығарудың тиімді тәсілдері» тақырыбындағы ашық сабақтарда өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

Іс-шара аясында өткен «Шекарасыз кітапхана: бүгін біз бірге оқимыз» атты танымдық кездесу де жұртшылықтың бойына рухани байлық сыйлады. Бұл кездесуге Қызылорда облыстық филормониясы басшысының орынбасары Амандық Бүрлібаев, «Quyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша, облыстық дін істері басқармасының маманы Бақтияр Оспанов, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебеп ғылыми кітапханашысы Жанат Қараманова қатысып, балалармен бірге кітап оқып, талдады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАҒАЛАУДАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ



Қызылордаға

2020 жылдары бірінші мәрте келген өнер адамы осы күнгі Қызылорданың ажары айшықталып тұрғанын айтады. Өзінің қолынан шыққан туынды да сол әсем қаланың көркін жарқырата түсеріне сенімді.

– Ару Алматыдан келсем де, Қызылорданың көркі таңғалдырды. Кошелері кеңейген, жыл бойы тоқтаусыз құрылыс жүріп жатыр. Бұрын көрген бос алаңқайларға зәулім сарайлар тұрғызылыпты. Алдағы бірнеше жылда Қызылорда мұнан да әдемілене түсетініне сенемін. Дәл осы қарқынмен еліміздің ең әдемі қаласына айналар сәті де алыс емес, – дейді Мұхит Мырзалиев.

Басы 1-бетте

Жасұлан АЛДАБЕРГЕНОВ, «ASLAN» балалар киностудиясының директоры:

КИНО АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚҚА
ЖОЛ АШЫП КЕЛЕМІЗ

– Студияның бес жылдық белесінде қандай жетістіктеріді атап айтар едіңіз?

– Осы уақыт аралығында біз үлкен жұмыс атқардық. Екі толықметражды фильм, екі маусымнан тұратын екі сериал, 30-дан астам қысқаметражды фильм түсірдік. Соның ішінде «Бақталас» атты жастарға арналған сериалымыз ерекше ықпалға ие болды. Бірінші маусымы он бөлімнен тұрды. Оқушылар арасында өте танымал болды, YouTube арнасында мыңдаған қаралым жинады. Көрерменнің сұранысымен екінші маусымнан да түсірдік. Сонымен қатар «Сәт» атты веб-сериалымыз да көрермендердің көңілінен шықты. Түсірілім жұмыстарына «ASLAN» балалар киностудиясының тәрбиеленушілері қатысты. Сериалда бала махаббат, үлкеннің кішіге қамқорлығы, ер баланың қыз балаға сыйластығы сынды тақырыптар қамтылған. Бұдан бөлек, жастар мен ата-аналарға арналған тәрбиелік әлеуметтік роликтеріміз де бар. Әр жоба – балалардың қабілетін ашуға, болашағына бағыт беруге арналған. Осы 5 жыл ішінде өнер мен кино саласына қызығушылық танытқан көптеген талантты жастың армандарына жол аштық. Бұрын киноға түсу үшін жастар Алматыға, Шымкентке немесе басқа ірі қалаларға баруға мәжбүр болса, бүгінде өзіміздің Қызылордадағы киностудия арқылы кино әлеміне алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік алып отыр. Біздің жұмысымызға ризашылық білдіріп, алғыс айтқан ата-аналар саны аз емес. Бұл – еңбектің нәтижесі. Ең бастысы, біз жастардың арманын орындап, оларды шабыттандырып келеміз.

– Балалармен жұмыс істеу оңай емес екені белгілі. Дегенмен қабілетті балаларға қандай мүмкіндік бар?

– Біздің студияда аптасына екі рет актерлік шеберлік курстары өтеді. Бұл сабақты Н. Бекежанов театрының кәсіби актрисасы, өте тәжірибелі маман Залипа Төлепова апайымыз жүргізеді. Сабақ барысында балалар сахнада өзін еркін ұстауды, эмоциямен жұмыс істеуді үйренеді. Бұдан бөлек, біз кәсіби режиссерлермен тығыз байланыста жұмыс істеп, танымал актерлермен арнайы кездесулер ұйымдастырып келеміз. Киноға түсуге ниетті балалар алдымен арнайы дайындықтан – актерлік шеберлік курстарынан өтеді. Кейін оларды өзіміздің кино жобаларымызға қатыстыру арқылы өнерге баулимыз. Бұл бастамалардың барлығы – балалардың шығармашылық қабілетін ашып, дамытуға бағытталған. Актерлік шеберлік сабақтарында олар өз ойларын еркін жеткізуді, сахнада сенімді болуды және эмоцияларын нақты жеткізуді үйренеді. Ал кәсіби актерлер мен режиссерлермен жүздесу



Басы 1-бетте

Маманның

айтуынша, мұнда қолданылып

жатқан бояуға зауыт 5 жыл кепілдік береді екен. Қар мен жауынға, басқа да табиғат құбылыстарына жақсы төтеп беретін көрінеді.

– Зауыт бес жыл дейді, бірақ мен он жыл кепілдік бере аламын. Егер де мына бұйылған бетонның сапасы жақсы болса, ол үгітіліп түспесе, бояу өңбейді де, өшпейді де. Дәл осы қалпында он жылдан кейін көре аласыз, – дейді суретші.

Расымен,

жағалауда жаңынды жалы-

ратар көрініс көп. Тақтайдай тегіс жолдың бойында

бара жатып, Мұхиттың қолтанбасын қабырғадан көресіз. Жай ғана көріп қоймай, қазақ тарихын парактай өтетінінің анық.

Дәулет ҚЫРДАН,

Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

МЕШІТ – ХАЛЫҚТЫҢ
АҚШАСЫНА,
ШІРКЕУ БЮДЖЕТ
ҚАРЖЫСЫНА САЛЫНҒАН

Патша өкіметі кезінде Ақмешітті Перовск етіп, граф Перовскийдің құрметіне қала атауын бергеннен кейін мұнда христиан дінін уағыздаушылар көбейді. Осылайша 1855 жылы поп Л.Гороховскийдің жетекшілігімен шіркеу ашылған. Бүгінде сол шіркеу әлі күнге қолданыста. Десек те ол алдымен шіркеу болды, кейін музейге айналды. Араға уақыт салып, қайтадан шіркеу ретінде жұмысын бастаған.

– Музей неге шіркеудің ішінен ашылды деген сауалға жауап іздеген дұрыс. Мешіттер қоймаға айналып жатқанда, шіркеу музей болып тұрды. Мұның астарында үлкен ұғым жатыр. Жасырын миссионерлік жұмыстар жүргізілген. Православиеге үндеу Кеңес үкіметінің негізгі саясатының бірі болды. Оның үстіне, мешіттің халықтың ақшасына, шіркеудің бюджет қаржысына салынғанының өзінде басымдық тұр, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Асхат Сыйлау.

Қызылордадағы шіркеу ғимараты көп қызмет ете алмады. 1863 жылы ашылған бұл нысан араға бес жыл салып, 1868 жылы қатты жауған жауынның салдарынан құлап қалған.

– Сол жылы қабырғасы күйдірілген кірпіштен қаланып, төбесі жабылады. 1890 жылы шіркеудің жаңа ғимаратының құрылысы басталып, 1896 жылы пайдалануға берілген. Үкімет пен жергілікті орыс шаруаларының қаражатына салынған жалғыз шіркеу ерекше сәулет кешеніне айналды, — дейді Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы тарихи-мәдени мұра бөлімінің инспекторы Зухра Сыздықова.

Шіркеу кейіннен қоныс аударушыларды қабылдайтын орынға, обсерваторияға айналды. Аталған нысан 1982 жылға дейін тарихи-өлкетану музейінің ғимараты болды.

– Қазіргі музейдің ғимараты бұрын қонақүй болған. 1980-1985 жылдар аралығында мұнда экспозицияларды жасақтау жұмыстары жүргізіліп, 1985 жылы Еркін Әуелбеков ашқан. Бұйыртыса, музей өзіне арналып салынған ғимаратқа көшіріледі. Облыс әкімінің қолдауымен сол жағалауда таңдай қағып тамсанарлық ғимарат салынып жатыр. Мұнан кейін музей ешкімнің босағасында қалмайды, өзінің хан сарайы болады, – дейді Асхат Қожагелдіұлы.

Көненің көзіндей болған ғимарат 1989 жылдың мамыр айынан бастап православ шіркеуіне айналған. Бүгінде мұнда 300-ге жуық адам мінәжат ете алады. Ғимарат мемлекет қорғауына алынған, республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер қатарында. Сәулет өнері нысаны 2014-2015 жылдары қайта қалпына келтірілді.

Ал сол кезеңдерде қоймаға айналған мешіт ғимараттарын қайта салғандай етіп жаңғыртты. Өйткені қазақты дінінен, ділінен ажыратуды ойлап, ұлтсыздандыруды мақсат еткен саясат салқыны мешіт ғимараттарының тозуына ықпал етті. Қала төріндегі «Айтбай» мешіті де қайта жаңғыртудан өткізіліп барып, қолданысқа берілді.

Аян СПАНДИЯР,

сурет Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығынан алынды

Басы 1-бетте

ЖЕҢІС РУХЫ – ЖҮРЕКТЕРДЕ

Боздақтарымыздың есімдерін ұлықтап, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің адамзат тарихындағы өшпес ерлігін жас буйыңа насихаттау маңызды екені белгілі. Өткеннің қиындығына қарап, заманның тыныштығын сезінген жас болашаққа үмітпен қарайды. Ә. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана жеңістің 80 жылдығына орай тағылымды іс-шара өткізді. Мектеп оқушылары мен облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қызметкерлері қатысқан жиын «Ерлік-елге, ұрпаққа ұран» деп аталды.

Тарихи кеш бейбіт күн үшін күрескен боздақтарды еске алумен басталды. Сұрапыл соғысқа Қазақстан бойынша 1 миллион 400 мың адам аттанды. Оның ішінде Қызылорда облысынан 70 мың жауынгер майдан даласында ерлік жолында қаза тапты. Олардың 22-сі Кеңес Одағының батыры атағын алды. Соғыс сарбаздарының қатары сиреп бүгінде көзі тірісі санаулы ғана. Оның бірі – Сырдария ауданында 103 жастағы Яхия Тасыров пен 101 жастағы Қазалы ауданы тұрғыны Тілеуберген Тобабергенұлы.



Еңбектеген бала мен еңкейген көріге дейін соғыс зардабы тимей қоймады. Олардың арасында Жакай Бодыкаев та бар. Есін біле бастағаннан әкем де, ағайындарым да майдан даласына аттанды деп еске алған ол жастарға адал болуды айтты.

– Біз соғысқа қатыспасақ та соғыс заманын көрдік. Ол уақытта 3 жастағы бала едік. Ауылда ер адамдар майдан

даласына кетті. Олардың ішінде әйелдер де бар еді. Соғысқа қажетті құрал-сайман, құрылыс жасау, оқ дәрі өндіру солардың мойнына жүктелді. Сол кезде шешем ауырып қалып, кішкентай қарындасымға қарап, емізуге шамасы келмеген еді. Содан ол да аштан қалып, шетінен кетті. Соғыс кезінде бәрін қолмен жасадық. Техника жоқ заманда қолмен еккен өнімді таң азанмен торғайлардан қорытынбыз. Сакпан деген құралмен торғай қуатынбыз, – деп еске алды ол.

Бейбіт өмірдің қорғаушысы соғыс ардагерлеріне қандай құрмет жасаса да артық емес. Өскекең ұрпаққа олардың ерлік жолын дәріптеу онансүйігіштікке тәрбиелейді. Бүгінде Қазалы ауданындағы бір ауылда Кеңес Одағының батыры Орман Түктібаевтың есімі берілген. Сонымен қатар еңбек жолы мен соғыс жылдарындағы ерлік істері үлгі болған Нағи Илиясов есімімен аталатын Будапештте көше бар. Тәйімбет Кемекбаевқа Қармақшы ауданында бір ауылдың аты берілген. Сондай-ақ Қызылорда қаласында №23 мектеп Ж. Қызатов есімімен аталады. Қалаға қарасты ауыл Жақыпбек Махамбетов атымен аталса, бір көшеге Иван Журба есімі берілген.

Думан КЕҢШІЛІК

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИАжауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» өмірлік газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4441 Тапсырыс №692

Немірдің кезекші редакторы Айтқолжы АЙТЖАНОВА